

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы
халықаралық термоядролық экспериментальдық реактордың техникалық жобасын
әзірлеу шеңберіндегі ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы КЕЛІСІМ**

КЕЛІСІМ

Бұдан былай Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей
Ф е д е р а ц и я с ы н ы ң Ү к і м е т і ,

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі
арасындағы 1993 жылғы 23 қыркүйектегі Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану
саласындағы ынтымақтастық туралы келісімінің 1 және 2-баптарын басшылыққа ала
о т ы р ы п ,

іс жүзінде шектеусіз, экологиялық жағынан қолайлы және экономикалық тұрғыдан
бәсекелестік қабілеті мол қуат көзі ретінде басқарылатын термоядролық синтездің ұзақ
мерзімді әлеуеттік мүмкіндігін тани отырып,

ғылымды, техника мен өнеркәсіпті дамытудың маңызды бір элементі, халықаралық
ынтымақтастықтың елеулі саяси және экономикалық факторы ретінде термоядролық
тақырып бойынша жүргізілетін жұмыстарды жалғастырудың маңыздылығын пайымдай
о т ы р ы п ,

Тараптардың әрқайсысының ғылыми-техникалық әлеуетін сақтау мен одан әрі
дамытудың қажеттігіне байланысты ұзақ мерзімді мүдделерді негізге ала отырып,

қалыптасқан ғылыми-техникалық және өндірістік байланыстардың терең
интеграциялануын ескере отырып,

ғылыми-техникалық саладағы мемлекетаралық кооперацияның орындылығын атап
к ө р с е т е о т ы р ы п ,

Атом энергиясы жөніндегі еуропалық қоғамдастық, Ресей Федерациясының Үкіметі
, Америка Құрама Штаттарының Үкіметі және Жапония Үкіметі арасындағы
Халықаралық термоядролық экспериментальдық реактордың техникалық жобасын
әзірлеудегі ынтымақтастық туралы 1992 жылғы 21 шілдеде қол қойылған келісімді (ХТЭР),
оған қосымшалар мен хаттамаларды, сондай-ақ оның күшін 2001 жылға дейін
ұзартатын Келісімді, бұдан былай ХТЭР жөніндегі келісім деп аталатын, түзетуді
н е г і з г е а л а о т ы р ы п ,

бұдан былай ХТЭР техникалық жобасы деп аталатын Халықаралық термоядролық
экспериментальдық реактордың техникалық жобасы шеңберіндегі бірлескен
жұмыстарды жүргізу мақсатында,
төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

Тараптар өздерінің халықаралық міндеттемелеріне сәйкес және өздерінің ұлттық заңдары шеңберінде ХТЭР техникалық жобасын әзірлеуге сындарлы үлес қосу мақсатында өз қызметтерін жүзеге асырады.

2 - б а п

Тараптар ХТЭР техникалық жобасы бойынша өзара келісілген ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындау жөнінде өздеріне міндеттемелер алады.

3 - б а п

1. Тараптар ХТЭР техникалық жобасы бойынша өзара келісілген ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу саласында өздерінің Өкілетті өкілдері етіп мыналарды тағайындайды:

Қазақстан жағынан - Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі Ғылым академиясы,

Ресей жағынан - Ресей Федерациясының Атом энергиясы жөніндегі министрлігі.

Аталған өкілетті өкілдер ХТЭР техникалық жобасының тиісінше Қазақстандық және Ресейлік дирекцияларын құрады.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі-Ғылым академиясы ХТЭР техникалық жобасының Ресей дирекциясы мен Ресей Федерациясының Атом энергиясы жөніндегі министрлігінің тапсырмалары бойынша Қазақстан Республикасында ХТЭР техникалық жобасының шеңберіндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың орындалуын үйлестіреді.

3. ХТЭР техникалық жобасының шеңберінде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың негізгі орындаушылары:

Қазақстан Республикасынан - Атом энергиясы мен өнеркәсібі кәсіпорындарының акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы, Қазақ мемлекеттік университетінің Экспериментальдық және теориялық физика ғылыми-зерттеу институты;

Ресей Федерациясынан - "Д.В.Ефремов атындағы электрофизикалық аппаратураларды ғылыми-зерттеу институты" мемлекеттік кәсіпорны, "Энерготехника ғылыми-зерттеу және конструкторлық институты" мемлекеттік бірегей кәсіпорны, академик А.А.Бочвар атындағы Ресей Федерациясының мемлекеттік ғылыми орталығы - Бүкілресейлік органикалық емес материалдар ғылыми-зерттеу институты, Ресей Федерациясының мемлекеттік ғылыми орталығы - "Курчатов институты" Ресей ғылыми орталығы болып табылады.

4 - б а п

Осы Келісім шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде қолданылатын не алынатын ақпаратты тарату, пайдалану және қорғау, сондай-ақ осындай қызмет барысында құрылатын санаткерлік меншікке деген құқықтарды бөлу Тараптардың ұлттық заңдарымен, ХТЭР жөніндегі Келісіммен реттеледі.

5 - б а п

Тараптардың өкілетті өкілдері ХТЭР техникалық жобасының Қазақстандық және Ресейлік дирекцияларының қатысуымен ХТЭР техникалық жобасының шеңберінде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың аралық және түпкілікті нәтижелерін қарап, бекітеді.

6 - б а п

Тараптар ХТЭР жөніндегі Келісімді ескере отырып, осы Келісімді жүзеге асыру үшін өздерінің ұлттық заңдары шеңберінде не қажеттің бәрін де жасайды.

7 - б а п

Осы Келісімді орындау барысында немесе нәтижесінде Тараптардың бірі шеккен зиян Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес өтеледі.

8 - б а п

1. Тараптар осы Келісімді жүзеге асыру нәтижесінде немесе Келісімді түсіндірудегі пікір алшақтығы нәтижесінде туындаған кез келген мәселе бойынша не болмаса ХТЭР техникалық жобасының шеңберінде өзара келісілген ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар тізбесінде жазылған міндеттерге қатысты кез келген техникалық мәселе бойынша өздерінің өкілетті өкілдері арқылы әрекет ете отырып, консультациялар өткізеді. Тараптар мұндай мәселелерді өкілетті өкілдер арасындағы консультациялар арқылы реттеу үшін мүмкін болатын шаралардың бәрін қ о л д а н а д ы .

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес шешімін таппаған мәселелер бойынша Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа консультациялар өткізу туралы өтініш айта алады. Мұндай қатынас алған Тарап айтылған өтінішпен кідіріссіз келіседі.

9 - б а п

Тараптар қажет болған жағдайда өзара жазбаша келісім арқылы осы Келісімге өзгертулер мен толықтырулар енгізе алады. Өзгертулер мен толықтырулар осындай жазбаша уағдаластықта көрсетілген күннен бастап күшіне енеді.

1 0 - б а п

Осы Келісім оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және ХТЭР жөніндегі Келісім қолданыста болатын бүкіл мерзім ішінде күшінде болады.

1 1 - б а п

Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің қолданысы тоқтатылады деп жорамалданған күнге дейін кемінде алты ай бұрын өзінің ниеті туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Келісімнің күшін тоқтата алады.

Алматы қаласында 1998 жылғы 12 қазанда әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де екі мәтіннің күші бірдей.

(Қолдары)

М а м а н д а р :

Қ а с ы м б е к о в Б . А .

Багарова Ж.А.